

МАҚАНШЫ

Айнасы



МАҚАНШЫ АУДАНЫНЫҢ
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

№ 29 (5780)
8 ТАМЫЗ СЕНБІ
2026 ЖЫЛ

АЙМАҚ БАСШЫСЫНЫҢ МАҚАНШЫ Өңіріне сапары




ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

Бүгінгі  санда

*Мемлекеттік
қызмет —
жастар үшін!*



6 бет.

АЛАКӨЛ ТӨРІНДЕ ӨТКЕН ДҮБІРЛІ ДОДА



ҚУАТТЫ ӨНІРЛЕР - ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

Аймақ басшысының Мақаншы өңіріне сапары

Өткен аптаның ортасында Абай облысының әкімі Берік Уәлиұлы жұмыс сапарымен Мақаншы ауданында болып қайтты. Аймақ басшысының ауданға келуі мақаншылықтар үшін үлкен жаңалықтардың куәсі болуына себепкер болды. Өйткені жыл басынан бері Мақаншы ауданына жасаған 4 реткі сапары барысында өңірде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етіп, жаңа жобалардың жүзеге асырылуына жол ашып отыр.

МАҚАНШЫ АУДАНЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТІП ЖАТЫР

Аймақ басшысының бұл жолғы сапары Мақаншы ауданындағы аудандық орталық ауруханасында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысудан басталды.

Мақаншы ауылындағы орталық аурухана 1974 жылы пайдалануға берілген. Содан бері ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізілмеген. Осыған байланысты 2025 жылдың қыркүйек айында нысанды толық жаңғырту жұмыстары басталды. Жоба аясында инженерлік желілер толық жаңартылып, ішкі бөлмелер жөндеуде. Зертханалар мен емшара кабинеттері заманауи талаптарға сай жаңғыртылып, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімді орта қалыптастырылады. Қазіргі уақытта жөндеу жұмыстарының 90 пайызы аяқталған. Бүгінде бірінші және екінші қабаттардың бір бөлігінде, сондай-ақ, сантехникалық жүйелер бойынша жұмыстар жалғасуда. Сонымен қатар бірінші, екінші және үшінші қабаттарда қабырғаларды

хирургия, балалар, босандыру, жүкті әйелдер патологиясы, гинекология, оңалту және инфекциялық бөлімдер халыққа қызмет көрсетеді. Аурухана құрамында Қабанбай ауылындағы күндізгі стационары бар дәрігерлік амбулатория да жұмыс істейді.

Аймақ басшысы медицина қызметкерлерімен кездесу барысында, аурухана ғимаратында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының сапасы мен мерзіміне ерекше назар аударып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын арттыру бүгінгі таңдағы басты міндет екенін атап өтті.

- Осыдан бір жыл бұрын келіп, осы аурухана ғимаратын көріп, қаражат бөлу туралы шешім қабылдаған болатынбыз. Өйткені, Мақаншы шекаралық аймақта орналасқан жаңадан құрылған аудан, келетін туристер көп. Мердігерлердің айтуынша, құрылыс жұмыстары 90 пайызға аяқталған екен. Құрылыс барысын, бөлінген қаржының қалай игеріліп жатқанын көру үшін арнайы келдім. Былтыр келгенде ғимарат тозып тұр еді. Қазіргі келбеті көз тартады. Жылу жүйелері толық ауыстырылды. Ме-



Өңірде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жұмыстары кезең-кезеңімен жалғасуда. 2024–2028 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары аясында 2 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік пункт, 3 медициналық пункт салу және үш қабатты ғимаратты күндізгі стационарымен, зертханасымен және әйелдер консультациясымен бірге дәрігерлік амбулаторияға қайта жаңғырту жоспарланған.

МАҚАНШЫ АУДАНЫНДА КҮНБАҒЫС МАЙЫН ӨНДІРУ ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

Бұл күні Мақаншы ауданының орталығы – Мақаншы ауылында «Di-Nur» ЖШС-нің күнбағыс майын өндіру зауыты пайдалануға берілді. Жаңа нысанның ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли қатысты.

Салтанатты шарада құттықтау сөз сөйлеген аймақ басшысы жобаның ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді өңдеуге және экспорттық әлеуетті арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

- Бүгін біз облысымыздың, соның ішінде Мақаншы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін стратегиялық маңызы зор инвестициялық жобаның жүзеге асуына куә болып отырмыз. «Di-Nur company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің күнбағыс тұқымын қайта өңдеу және өсімдік майын өндіру зауытының ашылуы – өңіріміздің өндірістік әлеуетін арттырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға бағытталған маңызды жоба. Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенінде өндірілетін өнімнің көлемін ғана емес, оның сапасын арттыруға, шикізатты терең өңдеуге және экспортқа бағытталған бәсекеге қабілетті өнім шығаруға ерекше назар аударып келеді. Бүгін іске қосылып отырған кәсіпорын – осы міндеттердің нақты жүзеге асуының айқын дәлелі. Мұндай инвестициялық жобалар облыс экономикасының тұрақты дамуына, инвестициялық тартымдылықтың артуына және жаңа өндірістердің қалыптасуына серпін береді. Ерекше атап өтерлігі, май өндіру зауытының негізгі инвесторы өзіміздің жерлесіміз, осы ауданның тумасы Серік Рамбаевтың туған жерге туын тігіп, осындай үлкен өндіріс орнын туған жеріне салып жатқаны үлгі боларлық қадам деуге болады. Баршаңызды жаңа кәсіпорынның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!, – деді Берік Уәлиұлы.

Жобаның жалпы инвестициялық құны 7 миллиард теңгені құрайды. Заманауи технологиялармен жарақтандырылған өндіріс орны тәулігіне 300 тонна күнбағыс майын шығаруға, 500

тоннаға дейін күнбағыс дәнін тазалау және құрама жем өндіруге қауқарлы. Сонымен қатар кәсіпорында 20 тұрақты және 100 маусымдық жұмыс орны құрылып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға елеулі үлес қосады.

Бұл жобаның Мақаншы ауданы үшін стратегиялық маңызы ерекше. Ауданның Қытай Халық Республикасымен мемлекеттік шекарада орналасуы кәсіпорын өнімдерін сыртқы нарықтарға шығаруға, экспорт көлемін ұлғайтуға және халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және өңірдің транзиттік әрі өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануға зор мүмкіндік береді. Аудан тұрғындары кәсіпорынның ашылуына ризашылықтарын жеткізді.

- Сіздерді ауданымыздағы алғашқы өндіріс орнының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын. Ауылдық жерлерге инвестиция тартудың маңызы ерекше. «Аяғез-Бақты» теміржолының құрылысы, Алакөл жағалауындағы ауқымды инвестициялық жобалар, Бақты ауылындағы мультимодальды құрғақ порт пен логистикалық парк құрылысының басталуы ауданның экономикалық мүмкіндігін арттырып, тың серпін береді. Бұл дегеніміз – мақаншылықтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және ауданның дамуына үлкен мүмкіндік. Аудан тұрғындары атынан алғыс білдіремін, – деді аудандық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Әбен Разуев.

Биыл өңірде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы Жол картасы аясында 23,7 млрд. теңгеге 6 ірі агрожобалары іске асыру жоспарлануда. Оның ішінде биылғы ақпан айында «Агролидер KAZ» ЖШС бұршақты және майлы дақылдарды қайта өңдеу зауыты іске қосылды. Ағымдағы жылға қайта өңдеу саласы бойынша 8,3 млрд. теңгеге – «QAZAQ-ASTYQ GROUP» ЖШС базасында тазартылған (рафинадталған) май өндірісін және 7,7 млрд. теңгеге «Eurasia Agro Semeu» ЖШС базасында ірі ет өңдеу зауыттарын іске қосу көзделген.

Жалпы, мемлекеттік бағдарлама аясында 2031 жылға дейін агроөнеркәсіп саласында 90 ірі агрожоба іске қосылады. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді кеңейтуге, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытуға және экспорттық әлеуетті арттыруға айтарлықтай серпін береді.

**Абай облысы әкімінің
баспасөз қызметі**



сырлау, линолеум төсеу және дәліздердің аспалы төбесін орнату жұмыстары жүргізілуде. Орталық аурухана стационарлық, стационарды алмастыратын және амбулаториялық-емханалық деңгейде білікті әрі мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді. Мұнда 537 қызметкер еңбек етеді.

Медициналық мекеме қызмет көрсететін аумақтың көлемі жалпы алғанда 280 шақырымды құрайды. Аурухана 16 шекара бөлімшесіне, 3 комендатураға, Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына, 31767-Ж әскери бөліміне, олардың отбасы мүшелеріне, Жалаңашкөл көмір разрезінің жұмысшыларына, халықаралық тас жолмен қатынайтын жүк тасымалдаушыларға, Бақты ауылындағы кеден қызметкерлеріне, сондай-ақ жаз мезгілінде Алакөл жағалауына келетін 1 миллионнан астам демалушыға медициналық қызмет көрсетеді.

Мекемеде тәулік бойы жұмыс істейтін 100 орындық стационар, 80 орындық күндізгі стационар және ауысымына 125 адам қабылдайтын емхана жұмыс істейді. Сондай-ақ терапия,

дициналық нысан жаңарып, жаңғырып, екінші тынысы ашылды деуге болады. Мұндағы күрделі жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес орындалуда. Дегенмен, мердігер ұйым анықталған кемшіліктерді толық жоюы қажет. Жұмыстың сапалы әрі талапқа сай орындалуын тұрақты бақылауда ұстаймыз», – деді Берік Уәли.

Айта кетейік, осыдан сегіз ай бұрын Мақаншы ауылындағы 27 жыл бойы құрылысы аяқталмай тұрған ғимарат «Ауыл – ел бесігі» республикалық жобасы аясында жаңғыртылып, дәрігерлік амбулатория ретінде ашылған болатын.

Үш қабатты жаңа ғимаратта 15 орындық күндізгі стационар, ауысымына 100 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория, зертханалық диагностика, әйелдер консультациясы, хирургия, стоматология және гинекология кабинеттері жұмыс істейді. Сонымен қатар емшара бөлмесі, тіркеу бөлімі, күту аймақтары және басқа да қажетті кабинеттер қарастырылған. Амбулатория заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген.

СПОРТ

Алакөл төрінде өткен дүбірлі дода

«Қазақстан барысы» - қазақ күресінен елдегі ең беделді турнирлердің бірегейі саналады. Жуырда Абай облысында өткен АБАИ OPEN республикалық дзюдо турнирінің ашылуында сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли «Биыл біз қараша немесе қазан айында «Қазақстан барысы – 2026» турнирін Семей қаласында өткізуді жоспарлап отырмыз», деп мәлімдеме жасаған болатын.

 **Дархан АНАРБЕКҰЛЫ**

Соған орай көптен бері осы жарыстың іріктеу турнирі «Алакөл жағасында өтеді екен» - деген сөз ел арасына тарап, жанкүйерлердің сабыры кеткелі қашан. Жуырда асыға күткен күнге де келіп жеткен демалушылар үшін бұл күн үлкен мерекеге айналды. Атағы дардай әлемге жайылған айтулы турнирдің іріктеу жарысы өткен аптаның аяғында, яғни 29 шілдеде «Спорт – терроризмге қарсы» деген ұранымен Алакөл жағалауында өтті. Қазақ күресінен ересектер арасында «Абай барысы – 2026» облыстық турниріне жиналған үміткер балуандардың көбі талай боз кілем үстінде атой салып шыңдалып, қарсыластарын жауырынымен шаң қаптырған сайыпқыран жігіттер болды. Жарысқа Абай облысының әр өңірінен 50-ге жуық кілмықты балуан қатысып, татами үстіндегі белдесулерді 2 мыңға жуық демалушылар тамашалады.

Тартысты өткен бәсекенің нәтижесіне сай, турнир қорытындысы бойынша Мақаншы ауданының спортшылары ерекше көзге түсті. Қазақ күресінен дәстүрлі турнирде ауданның намысын қорғаған, 2024 жылы Астана қаласында өткен қазақ күресінен XIII республикалық «Қазақстан барысы» турнирінің 3-орын иегері Саят Шәмшиев қарсыластарына дес бермей басым түсіп, турнир жеңімпазы атанса, 2-орын Аяғез ауданынан келген Дәурен Нұралиновке бұйырды. Ал



үздік үштікті тағы да мақаншылық Еркін Сейтқазынов түйіндеді.

Айта кетейік, алдағы уақытта осы додада іріктелген Абай облысының қос барысы республикалық «Қа-

зақстан барысы» турниріне аттанып, ел біріншілігінде өңір намысын қорғайтын болады. Жеңімпаздарымызға толағай табыс тілейміз!

ҚҰРЫЛТАЙ

Сайлауға дайындық қалай өтуде?

2026 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Құрылтай депутаттарын сайлауды 2026 жылғы 23 тамызға тағайындау туралы» жарлыққа қол қойғанын және Президент Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты, оны өткізуді ұйымдастыруды тапсырғанын, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, әкімдіктерге Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдауды жүктегенін атап өтті.

Осыған байланысты 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық Мақаншы ауданында бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес қарқынды жүріп жатыр. Сайлау учаскелерінің шекаралары және комиссия мүшелерінің құрамы бекітіліп, баспа беттерінде жарық көрді. Сайлаудың әділ әрі заңды өтуі үшін учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерімен оқыту семинарлары ұйымдастырылып,

дауыс беру рәсімдері мен хаттамаларды дұрыс толтыру жолдары пысықталуда. Жергілікті әкімдік бұл процеске тек материалдық-техникалық қолдау көрсетеді, ал сайлау комиссиясы өз қызметін толық тәуелсіз атқарады.

Алдымыздағы сайлауда Құрылтайдағы 145 мандат үшін 7 саяси партия бақ сынайды: «Әділет» партиясы, «Respublica» партиясы, Қазақстанның Халық партия-

сы, «Ауыл» партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, «Байтақ» жасылдар партиясы және Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы.

Денсаулық жағдайына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтар үшін өтініш негізінде үйде дауыс беру ұйымдастырылады. Барлық ресми ақпарат аудан әкімдігінің сайтында, әлеуметтік желілерде және аудандық «Мақаншы айнасы» газетінде жарияланып отырады.

Сондай-ақ ол сайлау процесіне қатысушылардың барлығы үшін сайлау заңнамасының талаптарын қатаң сақтау басты талап болып қала беретінін айтып, сайлау науқанын заңнама нормаларына толық сәйкес, ашық әрі жариялы түрде өткізуді қамтамасыз етуді алдыға қойып отырмыз. Қадірлі жерлестер, баршаңызды



23 тамыз күні азаматтық белсенділікті танытып, өз таңдауларыңызды жасауға шақырамын!

Нұртөлеу Қожақов,
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

ПІКІР

Әділ сайлау — ортақ жауапкершілік

Сайлау – демократиялық қоғамның басты құндылықтарының бірі. Ол – әрбір азаматтың өз таңдауын жасап, елдің болашағына ықпал етуіне мүмкіндік беретін маңызды саяси үдеріс. Сондықтан әділ әрі ашық сайлау өткізу – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

Әділ сайлау ең алдымен заң талаптарының қатаң сақталуымен, ашықтықпен және жариялылықпен ерекшеленеді. Сайлау процесіне қатысатын барлық тараптардың құқықтары тең қорғалып, әрбір дауыс әділ есептелуі тиіс. Бұл – азаматтардың сайлауға деген сенімін арттырып, қоғамдағы тұрақтылық пен бірлікті нығайтады.



Әрбір сайлаушы өз таңдауын ешқандай қысымсыз, саналы түрде жасауы қажет. Азаматтық белсенділік – елдің дамуына қосылатын маңызды үлес. Сондықтан әрбір азамат сайлауға қатысып, өзінің конституциялық құқығын пайдалану арқылы мемлекетіміздің болашағына жауапкершілікпен қарауы керек. Сонымен қатар сайлау кезінде жалған ақпараттың таралуына жол бермеу, заң талаптарын сақтау, қоғамдық тәртіпті құрметтеу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Әділдік пен заңдылық қағидалары сақталған жағдайда ғана сайлау өз мақсатына жетіп, халықтың еркін шынайы білдіретін маңызды институт ретінде қызмет етеді.

«Әділ сайлау – ортақ жауапкершілік» қағидасы әрбір азаматтың ел тағдырына бейжай қарамай, заң талаптарын құрметтеп, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтауға үлес қосуын білдіреді. Еліміздің жарқын болашағы – баршамыздың ортақ жауапкершілігіміз. Сондықтан әділ сайлау өткізуге және оған белсенді қатысуға әрқайсымыз өз үлесімізді қосайық!

Нұрлан Ибраев,
Аудандық ардагерлер ұйымының мүшесі

Құрылтай сайлауы: әрбір үміткерге тең мүмкіндік

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан ауқымды саяси реформалар мен алдағы Құрылтай сайлауы - қоғамдық дамудың жаңа кезеңі. «Құрылтай сайлауы: әрбір үміткерге тең мүмкіндік» деген басты қағида саяси бәсекелестіктің әділ өтуін қамтамасыз етіп қана қоймай, елдегі әрбір азаматтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ортақ мақсатты айқындайды.

Мақаншы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі үшін сайлауға түсіп жатқан барлық саяси партиялардың тұғырнамаларындағы әлеуметтік қорғау, атаулы әлеуметтік көмек пен тұрақты жұмыспен қамту мәселелерінің орын алуы біз үшін ерекше маңызды.

Әрбір үміткер партияға тең мүмкіндіктің берілуі - олардың халыққа ұсынатын бағдарламаларының шынайылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Біздің бөлім күнделікті тұрмыста аз қамтылған отбасылармен, көпбалалы аналармен, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен және қолдауға мұқтаж тұрғындармен тікелей жұмыс істейді. Сондықтан сайлауға қатысушы әрбір партияның бағдарламасында мына бағыттардың көрініс табуы - уақыт талабы. Тұрақты жұмыс орындарын құру және халықты, әсіресе жастарды еңбекпен қамтуды арттыру. Аудандағы әлеуметтік нысандарды талапқа сай пандустармен және көтергіш платформалармен жабдықтау. Әлеуметтік әділдік пен ашықтықты қамтамасыз ету, мемлекеттік көмектің шын мұқтаж жандарға жетуін бақылау.

Бүгінде аудан деңгейінде әлеуметтік саланы дамыту және кедергісіз инфрақұрылым құру бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Сайлауға түсіп жатқан партиялардың ұсынған кандидатураларының тұрғындардың мұң-мұқтажына тең көңіл бөліп, өз бағдарламаларында ескеруі - ауданымыздың әлеуметтік әлеуетін бірлесіп көтеруге зор серпін береді. Саяси жүйеге халықтың мұң-мұқтажын тең түсінетін жаңа халық қалаулыларының келуі - әлеуметтік бағдарламалардың ауылдық жерлерде сапалы әрі кедергісіз іске асуына серпін береді. Біз алдағы сайлауда ел сеніміне ие болатын депутаттармен тығыз әріптестікте жұмыс істеп, Мақаншы ауданы тұрғындарының әлеуметтік құқықтарын қорғауға және өңірімізге жаңа әлеуметтік жобаларды тартуға бірге күш саламыз.

Гүлбану Рақышева,
Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

ПІКІР

Мәдениеті биік
елдің болашағы да
жарқын болмақ

23 тамызда өтетін сайлауда жаңадан құрылатын Құрылтай – еліміздің қоғамдық дамуына тың серпін беретін маңызды қадам болады деп ойлаймын. Құрылтайдың жаңа құрамын қалыптастыру – қоғамның әр саласында еңбек етіп жүрген азаматтардың белсенділігі мен жауапкершілігін көрсететін маңызды үдеріс. Жалпы, Құрылтай – халықтың үнін билікке жеткізетін, елдің келешегіне қатысты маңызды мәселелерді талқылайтын қоғамдық алаң болмақ.

Бұл үдерісте мәдениет саласының да орны ерекше. Өйткені мәдениет – ұлттың рухани болмысын сақтайтын, қоғамды бірлікке, татулыққа және елжандылыққа үндейтін күш. Ауданымыздың мәдениет қызметкерлері күнделікті еңбегі арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге белсене араласып, қоғамда өзара сыйластық пен келісімді нығайтуға үлес қосып келеді. Осыған байланысты Мақаншы аудандық мәдениет үйі мен оған қарасты мәдениет ошақтарының алдына тұрғындардың мәдени өмірін жандандырып қана қоймай, азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық белсенділікті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру жүктелген. Халық арасында бұған дейін өткізіліп келген және өткізілетін концерттік бағдарламалар, әдеби-танымдық кездесулер, тарихи-танымдық көштер, патриоттық жобалар мен ұлттық мерекелер – осының айқын дәлелі.

Мен ауданның саяси өміріне белсенді араласып жүрген азамат ретінде айтарым: алдағы сайлауда партия тізімімен сайланатын Құрылтай мүшелерін қалыптастыру кезеңінде олардың өте сауатты, нақты тұжырым мен бағдарламаларға сәйкестенген ұстанымы болуы керек екенін маңызды деп есептеймін. Өйткені ел тағдырына бейжай қарамайтын, ұлттық мүддені жоғары қоятын тұлғалар ғана қоғамның дамуына нақты үлес қоса алады. Бұл – мәдениетті қоғам қалыптастырудың басты алғышарты.

Мәдениет саласы әрқашан қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтудың, ұлттық құндылықтарды сақтаудың және жас ұрпаққа өнеге берудің алтын көпірі болып қала береді. Сондықтан жаңа Құрылтайдың жұмысы да осы бағыттағы бастамаларды қолдап, мәдениетті дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады деп сенеміз.

Еліміздің тұрақты дамуы, қоғамның бірлігі мен рухани жаңғыруы – әр азаматтың ортақ жауапкершілігі. Ал мәдениет сол жауапкершілікті ұрпақ санасына сіңіретін ең қуатты құрал. Бірлігі бекем, мәдениеті биік елдің болашағы да жарқын болмақ.

Алмас Рахимов,
Аудандық мәдениет үйінің
директоры

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Еңбекпен есейген азамат

Тамырын терең жайған Мақаншы өңірі кім-кімді де бейнетке төзімді, еңбекке жарамды етіп тәрбиелейді. Бұл даланың мінезі қатал болғанымен, ниеті таза адамға берері мол. Аудан орталығында қарапайым халықтың күнделікті қажетін өтеп жүрген «Нұржау» көтерме сауда дүкенінің есігін ашқан сайын, осы бір еңбектің көрінісін көргендей боласың. Осы ретте тұтас ауыл-аймаққа танымал дүкеннің негізін қалаған Нұрлан Нұржауұлымен диалог асып, әңгіме жібін сабақтаудың сәті түскен еді. Оның жүріп өткен жолында бос мақтаныш та, көктен түскен олжа да жоқ. Байқағанымыз – маңдай тер мен табандылықтың көрінісі.

✍ Дархан АНАРБЕКҰЛЫ



Нұрлан ағамыздың кіндік қаны Жар-бұлақ ауылында тамғанымен, балалық шағы Ақшоқының арғы бетіндегі Подгорныйдың (Саздың) қыркасында, желдің өтінде өткен екен. Топыраққа аунап, табиғатпен етене байланыста өскен ауыл баласы оқу қуып, қала кезіп те көрмеппі. Он бірінші сыныпты тәмамдаған соң, жоғары оқу орнының табалдырығын тоздырып, қолына диплом да ұстамаған екен. Бірақ та, оған өмірдің өзі қатал ұстаз, даланың өзі үлкен мектеп бола білгенін сол кісімен болған әңгіме барысында түсіндім. Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы елдің еңсесін басып тұрған 1994-1995 жылдардың шамасында ол да көппен бірге қара жұмысқа ерте араласады. Екі қолға бір күрек іздеген жастық шақтың жалыны оны еңбектің қазанында қайната бастайды.

Бүгінгі «Нұржау» дүкенінің іргетасы бірден қалана қойған жоқ. Бес жыл бойы Подгорныйда мал бағып, жаздың ми қайнатар аптабы мен қыстың сүйектен өтер боранды суық үскірігінде соқыр тиыннан теңге құрап, ақша жинай бастайды. Маңдай термен келген сол қаражат 1999 жылы Ақшоқыдан шағын дүкен ашуға негіз болды. Сауданың қыр-сырын ұғынып, елмен етене жұмыс істе-

уге машықтанған соң, 2003 жылы Мақаншыға табан тірейді. Дәл осы кезде қазіргі «Нұржаудың» алғашқы нобайы сызылып, іргесі қалана бастаған еді. Ал толыққанды көтерме сауда орталығы ретіндегі жұмысын дүкен 2010 жылы нақты бастап кетті.

Азаматтың арқасүйері, өмірлік темірқазығы – отбасы екені хақ. 2005 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде төрт ұл, бір қызды тәрбиелеп отырған отағасы үшін шаңырақтың берекесі кез келген кәсіптен биік тұрары сөзсіз. Артта қалған қиындықтарды жеңуге де, алға қарай ұмтылуға да үйдегі жылулық пен жақындарының қолдауы күш бергенін аңғару қиын емес.

Кәсіптің көзін тауып, тұтынушының көңілінен шығудың сырын сұрағанымызда, Нұрлан ағамыздың жауабынан жасандылықты емес, жасампаздықты байқадым. «Біздің басты артықшылығымыз – бағаның төмендігі, сапаның жоғарылығы. Халықтың қамын ойласаң ғана, халық келіп сауда жасайды», – дейді ол. Бұл сөзде үлкен философия жатыр дер ем. Бұл ағамыздың тұтынушыға деген құрметі, ауылдасына деген жанашырлығы. Халық та мұны іштей сезеді, бағалайды.

ҚАУІПСІЗДІК

Балық аулау: демалыс та, жауапкершілік те!

Балық аулау демалыстың керемет түрі болғанымен, қауіпсіздік ережелерін сақтамаасаңыз ол өте қауіпті. Тұрғындар балық аулау кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін естен шығармағаны абзал. Өйткені, оқыстан болған әрбір әрекет қайғылы оқиғаға соқтыруы мүмкін.

Балық аулау алдында қайыққа отырмас бұрын оның ескегі мен бекіткіштерін, сонымен қатар құтқару шеңбері болуын қадағалап қарап алу қажет. Қайыққа отыруды аса сақтықпен жүргізу керек. Шағын көлемді кемелердің немесе қайықтың бортына отыруға, бір орыннан екінші орынға ауысуға, бір қайықтан екіншісіне отыруға, қайықты шайқауға, одан суға секіруге немесе сүңгуге қатаң түрде тыйым салынады. Сонымен қатар қайықтағы адамдар жеке құтқару құралдарын (құтқару жилеттері, кеудешелері) киіп отыруы қажет.

Балық аулау кезінде төмендегі қауіпсіздік ережелерін сақтау ескертіледі: өзімен бірге міндетті түрде жергілікті жердің картасы, өзінің орналасқан орны туралы хабарлағыш құралдар, қолшам, медициналық жабдық, болуы тиіс; Балық аулау орнын мұқият тексеріп қарап алу; Мас күйде балық аулауға қатаң тыйым салынады; Қайықтың жарамдығын тексеру, оны құтқару жилеті, құтқару шеңбері мен белдіктермен жабдықтау; Қайықта шелектің немесе ондағы суды сыртқа шығару үшін ыңғайлы басқа да ыдыстардың болуы; Балық аулауға керекті құрал-жабдықтарды кеме бортының бойына, қалған бұйымдарды (киім, қолсөмке, чемодан) қайықтың отырғышының астына, тұмсығына немесе артқы бөлігіне жинақы орналастыру қажет.

Егер қандайда бір төтенше жағдайға тап болсаңыз міндетті түрде «101», «112» нөміріне хабарласуды ұмытпаңыз.

Мақаншы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі



Әңгіме соңында өмірдің талай өткелінен өтіп, бейнеттің зейнетін көрген аға буын ретінде, кәсіп бастаймын деп талпынған жастарға не айтар едіңіз дегенімізде, ол кесімді сөзбен, төтесінен қайырды:

– «Алтын шыққан жерді белден қаз» дейді ғой қазақ. Тек қана еңбек-еңбек бәрін жеңбек. Еңбексіз, маңдай терсіз жетістікке жету қиынның қиыны. Жастарға, артымнан ерген бауырларыма айтарым, құр қиялдың жетегіне берілмей, нақты әрекет жасап, жұмыс істеу керек. Әрекет бар жерде, оның берекетін Жаратушы өзі береді, – деді.

Шынында да, кеудесінде жалыны бар осындай еңбек адамдары ауылдың шынайы тірегі дерсің. Қоғамда бақ пен береке тек қолында қызыл дипломы бар, жоғары оқу орнын тәмамдағандарға ғана бұйырады деген жаңсақ ұғым бар. Асылында, олай емес. Нағыз бақ – қағазға емес, адамның қайратына қарайды, ол оқуды емес, тоқуды білген, бабы келіскен бейнеттен қашпаған, ниеті таза, пейілі адал еңбекқорға ғана қонады.

Біздің, «Мақаншы айнасы» газетінің әр санында осындай іскер азаматтар, шаруа қожалықтарын басқарып жүрген шаруашылық иелері мен диқаншылар, дүкен иелері мен шағын кәсіпкерлер жайлы қалам тербеуіміздің де басты сыры осында. Халық көрсін, жастар білсін, үлгі алсын дейміз. Алысқа көз тігіп, арман қуып сабылудың қажеті жоқ екенін, өз туған топырағында жүріп-ақ табан табымен, маңдай терімен тау қопарып, табысқа жетуге болатынын ұғынса екен дейміз. Өйткені, қазіргі заманның нағыз батырлары – би билеп, тик-ток түсіретін блогер емес, таңнан қара кешке дейін тыным таппай, өзін де, өңірін де өрге сүйреп жүрген осындай жасампаз еңбек адамдары!

РУХАНИЯТ

Абай - қазақ музыкатану ілімінің негізін салушы

Абай Құнанбайұлы қазақтың рухани мәдениетінде тек ақын, ойшыл, ағартушы ғана емес, сонымен бірге ұлттық музыкалық-эстетикалық ойдың, қазақ музыкатану ілімінің негізін қалаушы тұлға. Ол өзінің өлеңдерінде ән мен күйдің табиғатын, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы мәдени байланысты, әнші дауысына қойылатын кәсіби талаптарды және репертуар таңдаудағы өлшемдерді анықтап көрсетті. Абайдың өлеңдерінде қолданылған кейбір сөздер тікелей кәсіби музыкалық терминдерге балама бола алды.

Мәселен біз Абайдың «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңіндегі музыкалық ұғымдарды терминологиялық түсініктемемен талдап көрсек.

«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта. Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің, Тактысына билесін ол құлаққа», – деп басталады жыр жолдары. «Әсемпаз болма әрнеге, өнерпаз болсаң, арқалан», – дейді тағы бір туындысында Абай. Өнерпаз арқалануы үшін оның ойы түрленіп, ойды ой қозғап, шабыт тууы керек. Ал сол шабыт сенің жай-күйіңе қарамай, көңіліңді шартарапқа әкетеді. Абай соны: «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта», – деп дәл суреттейді. «Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің», – деу арқылы әннің динамикасы (динамикалық реңктері) мен тембрлік бояуы орындаушы көңіл күйінің айнасы екенін білдіреді. Ал «Тактысына билесін ол құлаққа» деуі – музыкадағы такт (өлшем, метр) ұғымына сәйкес келеді. Бұл сөз әннің ырғақтық құрылымына, музыкалық фразаның метрлік өлшеміне, сондай-ақ эмоция тепе-теңдігін

сақтауға қатысты. Егер орындаушы эмоцияны шектен тыс беріп, шығарманы тым әсерлеп жіберсе, онда ол шығарманың сұлулығына кері ықпал етеді. Артық қыламын деп, керісінше, бүлдіріп алады. Әр нәрсенің өлшемі бар екенін ұмытпауымыз керек. Суды ыдысқа ернеуіне дейін ғана құямыз. Егер ернеуінен асырсақ төгіледі, маңайды былғайды. Артық эмоция да тура солай. Мұнымен қатар Абай әнші шеберлігі және динамикалық өрнек туралы мынандай ой топшылайды: «Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды, Жүрек тербеп, оятар баста миды», – деп, ән айту техникасына тән тәсілдерді қарапайым сөзбен айшықтайды. Бұл – музыкалық динамикадағы crescendo (дыбыстың біртіндеп күшеюі), decrescendo/diminuendo (дыбыстың біртіндеп бәсеңдеуі), portamento (дыбыстардың бірінен біріне жұмсақ сырғып өтуі) сияқты ұғымдарды дәл сипаттайтын бейнелі сөздер.

Осы өлең сөздің екі жолындағы «Шырқап» – дыбыстың forte деңгейіне жетіп, биік нотаға көтерілуі болса, «Қалқып» – дыбыстың mezzo piano не piano деңгейінде жұмсаруы, «Сорғалап» – әуендегі ноталар тізбе-

гінің үзілмей жалғасуы. Кәсіби музыка тілінде – legato немесе glissando. Ал «Тамылжиды» – дыбыстың созылып, әсем sustain қалпында қалуы. Жалпы алғанда, әдемілікті үзбей ән салу – bel canto.

Бұл – Абайдың поэзия тілінде кәсіби вокал техникасын бейнелеуі. Мұнда біз Абайдың әншілік техникасына қаншалықты мән бергенін көреміз. Бояуы қанық, үні анық, мән-мағынасы терең үн ғана жүрек тербеп, миды оятады.

«Бұл дүниенің ләззаты – бәрі сонда, Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды».

Ақын бұл жерде тыңдарманды кез келген туындыны ой көзімен тыңдап, оны саралап, жасырын жатқан ләззатты көріп, сезінуге шақырады. Ән мен күйді оймен сезініп, ішкі мазмұнын түсіну – эстетикалық тәрбиенің өзегі екенін дәлелдейді.

«Ұйықтап жатқан жүректі өн оятар, Үннің тәтті оралған мәні оятар», - деген екі жолда

«Үннің тәтті оралған мәні» – vocal timbre (дауыс тембрі) және vocal resonance (дауыс резонансы). Абай осы жолдармен дыбыстың бояуы мен сапасының мәнін атап өтеді. Кәсіби вокалдағы placement қағида-ты сезіледі. Ойшыл сонымен қатар әннің басты мақсатын анықтайды: ол – жүрекке әсер ету, сезімді ояту. Мұнда «тәтті оралған үн» – вокалда legato мен timbre сапасының үйлесімі.

«Кейі зауық, кейі мұң дертін

қозғап, Жас балаша көңілді жақсы уатар». Өлемдік вокал педагогикасында да әнші дауысының әсері тембрдің байлығына, дыбыстың эмоционалды бояуына, интонациялық тазалығына байланысты бағаланады. Абай осыны поэтикалық тілмен жеткізіп, әншінің үнінде «мән» болуын талап етеді. Бұл – тек диапазон немесе күш емес, interpretation (шығарманы ішкі сезіммен түсініп орындау) қажеттігін білдіреді. Бұл дегеніміз әннің эмоциялық әсері және вокалдық талаптарға сай келетінін көрсетеді. «Білімдіден аяман сөздің майын, Алты өлеңмен білдірдім өннің жайын.

Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі, Жаңғырсын деп ойладым

айтқан сайын.

Көкірегінде оты бар ойлы адамға, Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын». Міне, Абай кәсіби музыка теоретигі секілді алты ауыз өлеңмен әннің жайын білдірді. Орындаушы мен тыңдаушының таным-түйсігін кеңейтіп, биік деңгейден түспеуін негізгі тұғыр етті. Хакімнің бұл ойлары тек қазақтың әншілік дәстүрі мен ұлттық музыкасына ғана емес, әлемдік вокал өнері мен музыканың алтын қағидаларына да сай келеді. Сондықтан оны қазақ музыкатану ілімінің бастауында тұрған тұлға деп тану – тарихи әрі ғылыми тұрғыдан әділетті шешім.

Әбен Разуев,
Әсеттанушы,
ҚР Мәдениет қайраткері

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ветеринария қызметінің сапасы – басты міндет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұдан бұрынғы Қазақстан халқына Жолдауларында ауыл шаруашылығын дамыту, соның ішінде ветеринария саласын жетілдіру қажеттігін айтқан болатын. Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты екенін атап, бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керектігін атап өткен.

Бүгінгі таңда елімізде Мемлекет басшысы айтқандай, ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес екендігі дәлелденіп отыр. Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары қолға алынып келеді. Ветеринария жүйесінде қайта құру, реформалау және оңтайландыру мәселелері 30 жыл бойы өтіп келеді. Дегенмен бүгінге дейін ветеринария жүйесінде де жүргізілген реформалардың көбі өз жемісін берген жоқ. Бұл ветеринария жүйесін жетілдіру үшін реформаланғаннан кейін уәкілетті орган тарапынан ветеринариялық істі ұйымдастыруда зерттеулер мен талдаулар жүргізбеген деген ойға жетелейді. Қызмет барысында туындайтын проблемалар ескерілмейді, оларды жою үшін тиісті шаралар немесе оған ықпал ететін жағдайлар қабылданбайды. Сондықтан жүйеде қолда бар тәжірибені ескермейінше бұрынғы қателіктерді, алдыңғы реформалардың артықшылықтары мен кемшіліктерін есепке алмайынша, реформаны сәтті жүргізу мүмкін емес. Солай болғанның өзінде жұмыс мүлде жүргізілмей келеді деген сөз емес. Соңғы 1-2 жылда жергілікті жерлерде ветеринарлық станцияларды құру, оларды қажетті техникамен, ветеринарлық атрибуттармен жабдықтау дұрыс шешім

тауып отырғанын айта кеткеніміз абзал. Бұл жергілікті жерлерде халыққа жыл бойына қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Мұндай игі шаралар, әсіресе біздің Абай облысында жақсы қолға алынып келеді. Жаз маусымы басталған тұста, Семей қаласында Ветеринария қызметкерлері күніне орай үлкен салтанатты жиын өтті. Мереке қарсаңында облыс әкімі Берік Уәлидің қатысуымен өңір тарихында алғаш рет мал дәрігерлерінің жұмыстары атап өтіліп, оларға 53 жаңа автокөлік кілті табысталды. Жалпы, облыс бойынша ветеринария саласына 12 қызметтік «JAC T-8» және 30 «Нива» автокөлігі, 5 мал тасымалдайтын және 5 дезинфекциялық арнайы техника берілді. Бұл ауқымды жаңару біздің Мақаншы ауданының ветеринария қызметін де айналып өтпеді. Биыл жаңадан 3 «Нива» автокөлігі, 1 «JAC T-8» автомашинасы берілді. Енді берілген жаңа көліктердің арқасында Мақаншы ауданының мал дәрігерлері шалғай ауылдарға кездерісіз жетіп, мал ауруларының алдын алу жұмыстарын уақытылы әрі сапалы атқара алады.

Ветеринария қызметкерлері толық деңгейде арнайы киіммен, сол сияқты малдәрігерлері пайдаланатын құрал-жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етілуде. Сәті түсіп аудан орталығында алдағы уақытта аудандық ветеринариялық станциясын салу құрылысы басталмақ. Қаржысы толық бөлінген. Кадр мәселесі де шешілу үстінде. Бүгінде

жаңадан 4 жас маман жұмысқа қабылданды. Мұның барлығы сала қызметкерлерінің дәйекті жұмыс істеуге мол мүмкіндік бермек.

Мақаншы ауданының ветеринария саласы бойынша қызмет өткен жылы сәуір айында құрылып, маусым айынан бастап өз алдымызға дербес мекеме болып қызметімізді бастап кеттік. Қазір аудан бойынша 11 ауылдық округте 57 мал дәрігері қызмет атқарып отыр. Біздің қызметкерлердің басты бағыты мал ауруларының алдын алу, емдеу, тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Қазіргі көрсеткіш өте жоғары. Облыс бойынша Мақаншы ауданының ветеринария саласы алғашқы үштіктен орын алып отыр. Аудан бойынша 72640 бас ірі қара, 140424 бас мүйізді ұсақ мал, 22543 жылқы, 20 бас түйе тіркелген. Осы малдардың аман саулығы біздің мойнымызда. Алдын ала вакцинация жұмыстары атқарылып жатыр. Үстіміздегі жылдың алты айында сібір жарасы бойынша 48 мың бас ірі қара, 64 мың ұсақ мал, 20 мың бас жылқы егілді. Туберкулез ауруы бойынша 15 мың бас ірі қара тексерілді, сал ауруы бойынша 800 бас егілді. Біздің бүгінгі негізгі жұмысымыз бруцеллез ауруын анықтау. Бұл бағытта да жоспарланған көрсеткіштеріміз айтарлықтай жоғары.

Тексеру барысында анықталған ауру малдар дер кезінде жойылып, орындарына уақытында дезинфекция жасалынып, мал иелерімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ауыл тұрғындарының денсаулығы да тексерілуден өткізілді. Өткен жылмен салыстырғанда бруцеллез ауруының шығуы 50 пайызға азайды. Қазіргі таңда аудандағы 6 ауылда жаңадан ветеринариялық пункттер мал ұстап қамайтын орындарымен бірге салынып жатыр. Қабанбай,



Қарабұлақ, Қаратал ауылдарында бұл құрылыс жұмыстары аяқталып қалса, мал өлекселерін залалсыздандыратын стандартты қорымдар Қаратал мен Көктал, Келдімұрат ауылдарында алдағы уақытта салынбақ. Қалған елдімекендерде бұл жұмыстар толық біткен. Аудан бойынша белгіленген 20 сібір жарасы ошағы толық қоршалып, қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылды.

Осы кезеңде аумақтың биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді. Бүгінгі таңдағы аудан бойынша қабылданып жатқан шаралар болашақта мал басының сау болуын сенімді бақылауды қамтамасыз етуге, саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және өңірдің экспорттық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ержан Қайранбаев,
Мақаншы аудандық
ветеринария бөлімінің
басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызмет - Жастар үшін!

Бүгінде мемлекеттік қызметте жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуда. Жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде жоғары оқу орындарының дарынды түлектері конкурстық іріктеуден өтпей-ақ мемлекеттік қызметте кәсіби еңбек жолын бастап, өңірлерінің дамуына және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге өз үлестерін қосуға мүмкіндік алып отыр.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет жүйесінде білікті кадрлар мен талантты түлектерді тартуға бағытталған бірқатар маңызды реформалар жүзеге асырылуда. Осындай бастамалардың бірі – жоғары оқу орындарының түлектері оқу үлгерімі нәтижесі 3,33 GPA көрсеткішінен төмен емес болған жағдайда, оқуды аяқтағаннан кейін бір жыл ішінде ауылда, ауданда және облыс орталығы емес қалалардағы мемлекеттік органдардың басшылық емес лауазымдарына тікелей қабылдану мүмкіндігі.

Биыл 1 шілдеде күшіне енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа Заңға сәйкес жоғарыдағы талаптарға сай келетін әрбір түлек мемлекеттік

қызметке конкурстық орналаса алатын болса, бұған дейін бұл мүмкіндікпен тек мемлекеттік грант иегерлері ғана қолданып келген болатын. Жаңа Заңдағы жаңашылдықтар арқасында қазірден бастап жоғары оқу орнының үздік түлектерінің барлығы осы мүмкіндікті пайдалана алады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаментімен келісу арқылы конкурстық іріктеусіз 41 түлек мемлекеттік қызметке тағайындалды. Атап айтқанда, Жаңасемей ауданына – 9 түлек, Жарма ауданына – 6, Бесқарағай ауданына – 4, Аягөз және

Үржар аудандарына – 2 түлектен, Ақсуат, Абай және Көкпекті аудандарына, сондай-ақ Курчатова қаласына – 1 түлектен жұмысқа орналастырылды. Сонымен қатар түлектер аумақтық департаменттердің аудандық бөлімшелеріне де жұмысқа орналастырылды. Атап айтқанда, Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне – 8 түлек, Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына – 5 түлек, сондай-ақ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясына – 1 түлек қабылданды.

Айта кету керек, бұл мүмкіндік аудандық және ауылдық деңгейдегі кадр тапшылығы мәселесін шешуге оң ықпал етіп, мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесін арттыруға септігін тигізуде. Жалпы, аталған бастаманы іске асыру кәсіби әрі бәсекеге қабілетті мемлекеттік аппаратты қалыпта-

стырып, жас мамандар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Дарынды жастарды қолдау және олардың кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасау – мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мен өңірлердің одан әрі дамуын қамтамасыз етудегі маңызды қадамдардың бірі.

Қосымша ақпарат алу үшін: Семей қаласы, Аймауытов көшесі 143 А, (Бизнес және сервис колледжі ғимараты), 2 қабат, 208 кабинет, Мемлекеттік қызмет басқармасына хабарласуға болады. Жұмыс уақыты: дүйсенбі-жұма 09:00 -18:30, түскі үзіліс 13:00 -14:30 Байланыс телефондары: 8 7222 35-41-62, 8 7222 35 41 72, 8 702 540 8555.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті

Қоғамдық тыңдаулар

«ЭкоОптимум» ЖШС «Бақты-Аягөз темір жол желісінің құрылысы» («Семей-Ақтоғай темір жол учаскесіне шығатын Қазақстан - Қытай шекарасында үшінші шекаралық темір жол өткелінің құрылысы») жобасына экологиялық рұқсат алу үшін материалдарға қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Әсер етуі мүмкін аумақ: Абай облысы.

Мақаншы станциясы және Разъезд 252.

Объектіден елді мекенге дейінгі қашықтық (Қаратал ауылы, Мақаншы ауданы, Абай облысы) – Мақаншы станциясына дейін 1 091,18 м, 252 - 12 301,03 м разъезге дейін.

Тыңдауды өткізу мекенжайы - Абай облысы, Мақаншы ауданы, Қаратал а.о., Қаратал а., Жеңіс көшесі 1А әкімдік ғимараты.

Өткізу уақыты мен күні: 2026 жыл, 22 қыркүйек, сағат 11:30-да.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады. ZOOM конференциясына қосылыңыз:

<https://us06web.zoom.us/j/85707336880?pwd=d5IDNJuOI20pmGUAHnZGDwTCfOSvJf.1>

Конференция идентификаторы: 857 0733 6880

Кіру коды: 990662

Разъезд 271

Объектіден елді мекенге дейінгі қашықтық (Бұғыбай ауылы, Мақаншы ауданы, Абай облысы) - 9 227,67 м.

Тыңдауды өткізу мекенжайы-Бұғыбай ауылы, Мақаншы ауданы, Абай облысы, Наурыз 1 мекенжайы бойынша мектеп ғимараты.

Өткізу уақыты мен күні: 2026 жыл, 22 қыркүйек, сағат 16:30-да.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады. ZOOM конференциясына қосылыңыз:

<https://us06web.zoom.us/j/85805515014?pwd=fMSjmy2ArIXVQa9ZF6e50iEqpv90Dv.1>

Конференция идентификаторы: 858 0551 5014

Кіру коды: 991455

Бақты станциясы.

Объектіден елді мекенге дейінгі қашықтық (Бақты ауылы, Мақаншы ауданы, Абай облысы) - 5 569,84 м.

Тыңдауды өткізу мекенжайы-Бақты ауылы, Мақаншы ауданы, Абай облысы, Бақты ауылы, Қабанбай көшесі 16 мәдениет үйінің ғимараты.

Өткізу уақыты мен күні: 2026 жыл, 18 қыркүйек, сағат 11:30-да.

Өткізу орындарында техникалық жарақтандыру болған жағдайда тыңдауларға ZOOM платформасында бейнеконференц-байланыс арқылы қатысуға болады.

ZOOM конференциясына қосылыңыз:

<https://us06web.zoom.us/j/87423886599?pwd=DCND03GzcjtjoBP8sYDjauvdlx5F5RY.1>

Конференция идентификаторы: 874 2388 6599

Кіру коды: 998724

Тапсырыс беруші-бастамашы: «ҚТЖ «ҰК» АҚ филиалы - «жаңа жобаларды салу дирекциясы», Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев, 10.

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz

Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган, uprirp.abay@akimatabai.gov.kz

Телефон - +7(707)7514558. Сайт – <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru>

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: Астана қаласы «ЭкоОптимум» ЖШС, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» БО, 302 кеңсе, тел.87782881234.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30 uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, +7 (707) 7514558.

Общественные слушания

ТОО «ЭкоОптимум» проводит общественные слушания к материалу для получения экологического разрешения (ПУО, ПЭК, НДВ, ППМ) к проекту «Строительство железнодорожной линии «Бахты-Аягөз» («Строительство третьего пограничного железнодорожного перехода на казахстанско-китайской границе с выходом на существующий железнодорожный участок Семей - Ақтоғай»)). Территория, на которое может быть оказано воздействие: Область Абай.

Станция Маканчи и Разъезд 252.

Расстояние от объекта до населенного пункта (село Каратал, район Мақаншы, область Абай) – до станции Маканчи 1 091,18 м, до разъезда 252 - 12 301,03 м.

Адрес проведения слушаний – область Абай, район Мақаншы, Каратальский с.о., с.Каратал, здание акимата по улице Женыс 1а.

Время и дата проведения: 22 сент. 2026, 11:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучаствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

<https://us06web.zoom.us/j/85707336880?pwd=d5IDNJuOI20pmGUAHnZGDwTCfOSvJf.1>

Идентификатор конференции: 857 0733 6880

Код доступа: 990662

Разъезд 271

Расстояние от объекта до населенного пункта (село Бугубай, район Мақаншы, область Абай) - 9 227,67 м.

Адрес проведения слушаний - село Бугубай, район Мақаншы, область Абай, здание школы по адресу Наурыз 1.

Время и дата проведения: 22 сент. 2026, 16:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучаствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

<https://us06web.zoom.us/j/85805515014?pwd=fMSjmy2ArIXVQa9ZF6e50iEqpv90Dv.1>

Идентификатор конференции: 858 0551 5014

Код доступа: 991455

Станция Бахты

Расстояние от объекта до населенного пункта (село Бахты, район Мақаншы, область Абай) - 5 569,84 м.

Адрес проведения слушаний - село Бахты, район Мақаншы, область Абай, село Бахты, здание дома культуры ул.Кабанбай 1Б.

Время и дата проведения: 18 сент. 2026, 11:30.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучаствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM.

Подключиться к ZOOM конференции:

<https://us06web.zoom.us/j/87423886599?pwd=DCND03GzcjtjoBP8sYDjauvdlx5F5RY.1>

Идентификатор конференции: 874 2388 6599

Код доступа: 998724

Заказчика-инициатор: Филиал АО «НК «КТЖ» - «Дирекция по строительству новых проектов», г.Астана, Дінмұхаммед Қонаев, 10.

Ознакомиться с материалами, вынесенными на общественные слушания можно на сайте ndbecology.gov.kz.

Гос.орган по проведению экспертизы Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Области Абай, uprirp.abay@akimatabai.gov.kz

Телефон - +7(707)7514558. Сайт - <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat/about?lang=ru>

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «ЭкоОптимум» г.Астана, проспект Бауыржан Момышұлы, 12, БЦ «Меруерт-Тау», офис 302, тел. 87782881234.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай, Республика Казахстан, область Абай, город Семей, ул.Турлыханова, 30 uprirp.abay@akimatabai.gov.kz, +7(707)7514558.

ҚҰРЫЛТАЙ

Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

ДЕНСАУЛЫҚ

Күн өту және ыстық өту

Күн өту және ыстық өту - организмге қызу өтуден пайда болатын сырқат. Балаларға, етжеңді адамдарға, жүрек-қан тамырлары ауруымен және эндокринді аурулармен ауырған адамдарға қызу өткіш келеді. Әсіресе, күннің шақырайған сәулесіне басты қыздырғанда күн өтеді.

Сонымен бірге күн өту көбінесе, ыстық қапырық ауадан және күн көзінде көп жүруден болады. Әсіресе, ыстыққа төзімсіз немесе ауыр дене еңбегімен айналысатын (құрылыс алаңдарында жұмыс істейтін) адамдарға күн жиі өтеді. Сондай-ақ күн сәулесімен нашар шағылысатын қара-қоңыр түсті киім немесе ауа өткізбейтін және тердің булануына бөгет жасайтын киім де организмге ыстық өтуіне себепші болады. Жабық бөлмеде де жоғары температурада және ауаның ылғалдылығы жоғары болғанда да ыстық ұруы мүмкін.

Мұның алдын алу үшін не істеу керек? Күн өту және ыстық өтудің алдын алу үшін ауа райының ыстық кезінде жеңіл, қимыл-қозғалысқа бөгет жасамайтын ашық түсті киім кию қажет; басқа бас киім (ши қалпақ, панама, жалбағай, күнкағар) кию немесе ашық түсті орамал тарту керек. Шақырайған күн көзіне шығарда, ұзақ жол жүрер алдында тамақты тоя жемеу керек, күн көзінде ұйықтауға болмайды. Жағажайда дем алғанда кезде сақ болған дұрыс, ұзақ уақыт бойы күн көзінде жүруге және қапырық бөлмеде отыруға болмайды.

Сырқаттың жеңіл және орташа дәрежелі түріне уақытылы көмек көрсетілсе науқас адам тез қалыпты жағдайына келеді. Ал ауыр дәрежелі түріне уақытылы көмек көрсетілмесе адам өмірін сақтап қалу мүмкін болмайды. Сондықтан аурудың алдын алу өз қолымызда екенін ұмытпайық!

**Сәния Қаймолданова,
аудандық аурухананың онколог дәрігері**

Хабарландыру

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Жаңа жобалар құрылысы дирекциясы» филиалы «Бақты – Аягөз» теміржол желісін салу» («Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасындағы үшінші шекаралық теміржол өткелін қолданыстағы Семей – Ақтоғай теміржол учаскесіне шығумен салу»). Түзету» техникалық-экономикалық негіздемесіне (ТЭН) арналған ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналыс түрінде өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар өтетін орындары мен уақыты:

2026 жылғы 22 қыркүйек, сағат 10:00-де

- Мақаншы ауданы, Қаратал ауылдық округі, Қаратал ауылы, Жеңіс көшесі, 1а, әкімдік ғимараты.

Әсер ету аумағының (учаскесінің) географиялық координаттары:

46°44'11.77" с.е., 82°6'17.73" ш.б.

2026 жылғы 22 қыркүйек, сағат 10:00-де

- Мақаншы ауданы, Қаратал ауылдық округі, Қаратал ауылы, Жеңіс көшесі, 1а, әкімдік ғимараты.

Әсер ету аумағының (учаскесінің) географиялық координаттары:

46°40'45.17" с.е., 82°13'44.81" ш.б.

2026 жылғы 22 қыркүйек, сағат 15:00-де

- Мақаншы ауданы, Бұғыбай ауылы, Наурыз көшесі, 1, мектеп ғимараты.

Әсер ету аумағының (учаскесінің) географиялық координаттары:

46°41'30.97" с.е., 82°26'43.02" ш.б.

2026 жылғы 23 қыркүйек, сағат 10:00-де

- Мақаншы ауданы, Бахты ауылы, Қабанбай көшесі, 1Б, мәдениет үйі.

Әсер ету аумағының (учаскесінің) географиялық координаттары:

46°40'1.77" с.е., 82°35'44.88" ш.б.

Өткізу орындарында техникалық мүмкіндік болған жағдайда қоғамдық тыңдауларға Zoom платформасы арқылы бейнеконференция режимінде қатысуға болады.

2026 жылғы 22 қыркүйек, сағат 10:00-де

Конференцияға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/88252712030?pwd=J1QwEdsaqHPaRGLadIbXzpN1mGG5Ow.1>

Конференция чатына сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/jc/88252712030>

Конференция идентификаторы: 882 5271 2030

Қол жеткізу коды: e8eYE2

2026 жылғы 22 қыркүйек, сағат 15:00-де

Конференцияға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/85419113279?pwd=tHsEtFm46icGZrDi7opBbrV7D1hd3r.1>

Конференция чатына сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/jc/85419113279>

Конференция идентификаторы: 854 1911 3279

Қол жеткізу коды: 6pAm4q

2026 жылғы 23 қыркүйек, сағат 10:00-де

Конференцияға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/86021329262?pwd=IffCTelGchla279x1ePPvYq6Y6Exrv.1>

Конференция чатына сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/jc/86021329262>

Конференция идентификаторы: 860 2132 9262

Қол жеткізу коды: GeRF7p

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 8 702 328 27 18 телефонына хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші: «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Жаңа жобалар құрылысы дирекциясы» филиалы, Астана қаласы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 10, БСН 250441002690, тел.: 8 775 535 53 33.

Құжаттаманы әзірлеуші: ЖК «Темірғалиева Д.Р.», Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Воровский көшесі, 79, тел.: 8 705 783 66 59.

Жергілікті атқарушы орган: Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта: uprip.abay@akimatabai.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты dinara_temir@mail.ru электрондық поштасы немесе 8 702 328 27 18 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление

Филиал АО «НК «КТЖ» - «Дирекция по строительству новых проектов» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по материалам отчета о возможных воздействиях к ТЭО «Строительство железнодорожной линии «Бахты-Аягөз» («Строительство третьего пограничного железнодорожного перехода на казахстанско-китайской границе с выходом на существующий железнодорожный участок Семей – Актогай»).
Корректировка».

Общественные слушания состоятся:

22 сентября 2026 года в 10:00 по адресу:

- район Мақаншы, Каратальский с.о., с.Каратал, здание акимата по улице Женыс 1 а.

Географические координаты территории/участка воздействия: 46°44'11.77"С, 82° 6'17.73"В.

22 сентября 2026 года в 10:00 по адресу:

- район Мақаншы, Каратальский с.о., с.Каратал, здание акимата по улице Женыс 1 а.

Географические координаты территории/участка воздействия: 46°40'45.17"С; 82°13'44.81"В.

22 сентября 2026 года в 15:00 по адресу:

- район Мақаншы, село Бугубай, здание школы по адресу Наурыз 1.

Географические координаты территории/участка воздействия: 46°41'30.97"С; 82°26'43.02"В.

23 сентября 2026 года в 10:00 по адресу:

- район Мақаншы, село Бахты, здание дома культуры ул.Кабанбай 1Б.

Географические координаты территории/участка воздействия: 46°40'1.77"С, 82°35'44.88"В.

В случае наличия технической оснащенности на местах проведения поучаствовать в слушаниях можно будет посредством видеоконференц-связи, на платформе Zoom.

По следующим ссылкам:

22 сентября 2026 года в 10:00:

<https://us05web.zoom.us/j/88252712030?pwd=J1QwEdsaqHPaRGLadIbXzpN1mGG5Ow.1>

Ссылка на чат конференции

<https://us05web>

[zoom.us/jc/88252712030](https://us05web.zoom.us/jc/88252712030)

Идентификатор конференции: 882 5271 2030

Код доступа: e8eYE2

22 сентября 2026 года в 15:00:

<https://us05web.zoom.us/j/85419113279?pwd=tHsEtFm46icGZrDi7opBbrV7D1hd3r.1>

Ссылка на чат конференции

<https://us05web.zoom.us/jc/85419113279>

Идентификатор конференции: 854 1911 3279

Код доступа: 6pAm4q

23 сентября 2026 года в 10:00:

<https://us05web.zoom.us/j/86021329262?pwd=IffCTelGchla279x1ePPvYq6Y6Exrv.1>

Ссылка на чат конференции

<https://us05web.zoom.us/jc/86021329262>

Идентификатор конференции: 860 2132 9262

Код доступа: GeRF7p

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87023282718.

Заказчик – Филиал АО «НК «КТЖ» - «Дирекция по строительству новых проектов», г.Астана, Дінмұхаммед Қонаев, 10, БИН 250441002690, тел.: 87755355333.

Разработчик документации – ИП «Темірғалиева Д.Р.», СКО, г.Петропавловск, ул.Воровского 79, тел.87057836659.

Местный исполнительный орган – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай, uprip.abay@akimatabai.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz>.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресу: dinara_temir@mail.ru и номеру телефона: 87023282718.

СПОРТ

Жерлесіміз республикалық
спартакиада жүлдегері

Көкшетауда жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері арасында өткен республикалық спартакиадада жерлесіміз, Мақаншы ауданының мәдениет, тілдерді дамыту және дене шынықтыру, спорт бөлімінің маманы Амангелді Байбосынов қазақ күресінен додалы жарыста бақ сынап, қола жүлдегер атанды. Ол түйе балуандар белдескен 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде бозкілемге шығып, тартысты бәсекеде өзінің мықтылығын дәлелдеді.



Дүбірлі додада Абай облысының намысын қорғаған өзге де балуандар мерейімізді өсірді. Атап айтсақ, 82 келі салмақта Дидар Тұқышев барлық қарсыласынан басым түсіп, алтыннан алқа тақса, 90 келіде Заңғар Бейсембаев та қола жүлдені еншіледі. Жүйелі дайындықтың арқасында Абай облысының құрамасы қазақ күресінен жалпы командалық есепте жүлделі 2-орынды иеленді. Жерлесімізді және облыс құрамасын жарқын жеңісімен құттықтап, алдағы асуларда тек биіктен көрінуін тілейміз!

Өз тілшіміз

Мұрагерлік ашылды

2015 жылғы 08 сәуірде қайтыс болған азамат **Кожамбаев Кайрханның** артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус Б.Ибраеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Өл-Фараби көшесі № 7-А ғимараты.

2009 жылғы 10 шілдеде қайтыс болған азамат **Мусин Оралбек Сейлкановичтің** артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус А.Маусымбаеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Қабанбай көшесі № 85 үй.

2026 жылғы 21 маусымда қайтыс болған азамат **Антонов Юрий Николаевичтің** артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус Б.Ибраеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Өл-Фараби көшесі № 7-А ғимараты.

2026 жылғы 23 маусымда қайтыс болған азаматша **Чотанбекова Бакыт Токенбаевнаның** артынан мұрагерлік ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус Б.Ибраеваға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Өл-Фараби көшесі № 7-А ғимараты.

БАҚ-тың меншік иесі:
«Барқытбел баурайы» ЖШС
«Мақаншы айнасы» газеті
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат комитетінде
тіркеліп, 2024 жылғы 12 сәуірдегі
№КЗ14ВРУ00090763
куәлігі берілген.
Мекенжай: 19019, Үржар ауылы,
Абылайхан даңғылы, 116.

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
Зухра НҰРЖАНҚЫЗЫ

Редактордың орынбасары
Әбен РАЗУЕВ

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

Қырағы қызмет, берік шекара

Мемлекеттік шекара – тәуелсіз елдің тұғыры, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Осы маңызды міндетті абыроймен атқарып келе жатқан бөлімшелердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы шекара басқармасына қарасты «Шағантоғай» шекара бөлімшесі. Тоқсан жылдан астам тарихы бар бұл бөлімше бүгінде өліміздің шығыс шебін қырағылықпен күзетіп, мемлекеттік шекараның мызғымас беріктігін қамтамасыз етіп келеді.

«Шағантоғай» шекара бөлімшесінің тарихы 1932 жылдың мамыр айынан бастау алады. Мақаншы ауданының Қабанбай ауылында орналасқан бөлімше сол уақыттан бері мемлекеттік шекараны қорғау ісінде үздіксіз қызмет атқарып келеді. Ұзақ жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен қалыптасқан әскери дәстүрлер шекарашылардың кәсіби шеберлігін арттырып, шекара күзетінің тиімділігін қамтамасыз етуде. Мемлекеттік шекараны қорғау тек әскери қызметшілердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін жақсы түсінетін бөлімше жергілікті тұрғындармен тығыз байланыс орнатып, шекаралық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Бөлімшенің қазіргі бастығы лейте-



нант Бекболат Тимурұлы Кокабаев әскери қызмет жолын 2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдағаннан кейін бастаған. Қызмет барысында өзінің кәсіби біліктілігімен ерекшеленіп, «Долаты» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары қызметінен «Шағантоғай» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымына тағайындалды. Ол әскери ұжымның бірлігі мен жауынгерлік даярлығын басты назарда ұстап, мемлекеттік шекараны сенімді қорғауды негізгі мақсат санайды. Бөлімшенің табысты қызметінде тәжірибелі әскери қызметшілердің де үлесі зор. Олардың қатарында өз міндетін жауапкершілікпен атқарып жүрген аға техник сержант Әкірәмбек Ахметжанов пен қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысып, көптеген жарыстарда жеңімпаз атанған ефрейтор Алмас Отанғажыұлы ерекше құрметке ие. Осындай әскери қызметшілер бөлімшенің абыройын арттырып, жас буынға үлгі болуда.

Алдағы уақытта бөлімше қызметін одан әрі жетілдіру көзделіп отыр. Заманауи техникалармен, байланыс құралдарымен және жаңа технологиялармен жабдықтау жұмыстары жалғасады. Келесі жылдан бастап бөлімше аумағын бейнебақылау жүйелерімен және ұшқышсыз ұшу аппараттарымен қамтамасыз ету жоспарланған. Бұл мемлекеттік шекараны күзетудің тиімділігін арттырып, әскери қызметшілердің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Тәуелсіз Қазақстанның тыныштығы мен қауіпсіздігі шекарадан басталады. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген «Шағантоғай» шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері ел шебінің беріктігі мен халықтың бейбіт өмірі жолында аянбай еңбек етіп келеді. Олардың адал қызметі мен патриоттық рухы мемлекеттік шекараның сенімді қорғалуына берік негіз болып қала бермек.

Ердос Қайртай,
аға лейтенант
Мақаншы Шекара басқармасы

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
тел.: 8 (72230) 3-36-11
Редактордың орынбасары
тел.: 8 775 307 42 55
Тілшілер
тел.: 8 700 249 37 18
Жарнама бөлімі:
8 (72230) 3-48-44
e-mail: cool.gazeta22010@yandex.kz

Жарияланған мақаладағы
авторлардың пікірлері редакция
көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жар-
нама берушілердің құзырында.
Газет «Рекламный Дайджест»
ЖШС-ның баспаханасында басылды.
Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1892